

**Сәуле Ғалымбекқызы Қанапина^{1*}, Алмагүл Дәненқызы Безаубекова²,
Кенжегүл Қабылғазықызы Есіркепова³**

^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты,
А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, Қостанай қ.,
ORCID: 0000-0002-1287-4114 E-mail: kanarina.71@mail.ru

² филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, Қостанай қ.,
ORCID: 0009-0004-0246-6629 E-mail: adaeva1981@mail.ru:

³ филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан, Қостанай қ.,
ORCID: 0000-0002-8139-4034 E-mail: kenzhe.1810@mail.ru

ПАРЕМИЯ ҚҰРАМЫНДАҒЫ КӨНЕ СӨЗДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ паремияларындағы көне сөздердің этимологиясы, стильдік қызметі жан-жақты зерделенеді. Зерттеу барысында халық ауыз әдебиетінің тұрақты бөлшегі ретінде мақал-мәтелдерде сақталып қалған көне сөздердің табиғаты, олардың көркем мәтіндегі қолданылу ерекшеліктері мен прагматикалық бағыттары қарастырылған. Сондай-ақ көне сөздерді тарихи-мәдени ақпарат көзі ретінде сипаттап, олардың қолдану аясы мен даму эволюциясына тоқталады. Сонымен бірге көне сөздердің этимологиясы, тілдік жүйедегі орны, құрылымдық ерекшеліктері мен мағыналық өзгерістері нақты мысалдармен дәлелденеді. Мақаланың теориялық бөлімі қазақ ғылымдары Ғ. Қалиев, Ө. Болғанбаев, Ө. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Ш. Сарыбаев, А. Ысқақов, А. Салқынбай, Р. Авакова т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп жазылған. Мақалада мақал-мәтел құрамындағы көне сөздердің ұлттық таным мен болмысты беруіндегі рөліне ерекше назар аударылып, олардың паремияларда көркемдік-эстетикалық мақсатта шебер пайдаланылғаны көрсетіледі. Бұл тұрғыда көне сөздер лексиканың тек тілдік элементі ғана емес, сонымен қатар ұлттық рух пен тарихи жадының көрінісі екені дәлелденеді. Мақалада көне сөздердің этимологиясы, стилистикалық мәні ашыла отырып, тілдің көркемдік мүмкіндігі, халықтық дүниетанымды жеткізудегі әлеуеті жан-жақты сипатталады. Зерттеу нәтижесі қазақ тіл білімінің паремиялогия, стилистика, тарихи лексикология және фразеология сияқты бағыттары үшін маңызды тілдік-мәдени материал болып табылады. Мақала тілдегі көне сөздердің этимологиялық талдауы мен ұлттық тіл мұрасын зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беретін көмекші еңбек болып саналады.

Тірек сөздер: паремия; көне сөздер; архаизмдер; мақал-мәтел; этимология; плеоназм

Сілтеме жасау үшін: Қанапина С.Ғ., Безаубекова А.Д., Есіркепова К.К. Паремия құрамындағы көне сөздердің этимологиясы. *Tiltanym*, 2025. №3 (99). 49-60-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-49-60>

**Сауле Ғалымбековна Канапина^{1*}, Алмагуль Даненовна Безаубекова²,
Кенжегуль Қабылгазиновна Есіркепова³**

^{1*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук,
Костанайский региональный университет имени А. Байтұрсынұлы,
Казахстан, г. Костанай, ORCID: 0000-0002-1287-4114 E-mail: kanarina.71@mail.ru

² кандидат филологических наук, Костанайский региональный университет
имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Костанай,
ORCID: 0009-0004-0246-6629 E-mail: adaeva1981@mail.ru

³ кандидат филологических наук, Костанайский региональный университет
имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Костанай,
ORCID: 0000-0002-8139-4034 E-mail: kenzhe.1810@mail.ru

ЭТИМОЛОГИЯ УСТАРЕВШИХ СЛОВ В ПАРЕМИЯХ

Аннотация. В статье подробно исследуется этимология, стилистическая функция устаревших слов в казахских паремиях. В исследовании рассматривается природа устаревших слов, особенности их использования в художественном тексте и прагматические направления, сохраненные в пословицах и поговорках как постоянная частица устной народной литературы. В статье описываются устаревшие слова как источник историко-культурной информации и анализируется область их использования и эволюция развития языка. При этом этимология устаревших

слов, их место в языковой системе, их структурные особенности и смысловые изменения доказываются на конкретных примерах. Теоретическую основу статьи составляют труды казахских ученых Г. Калиева, А. Болганбаева, А. Кайдара, Р.Сыздык, Ж. Манкеевой, Ш. Сарыбаева, А. Искакова, А. Салкинбай, Р. Аваковой и др. В статье особое внимание уделяется этимологии устаревших слов в поговорках и их функционированию в языке, а также демонстрируется их умелое использование в художественно-эстетических целях. В этом контексте доказывается, что устаревшие слова являются не только языковым элементом лексики, но и выражением национального духа и исторической памяти. Статья всесторонне описывает художественную возможность языка, его потенциал в передаче народного мировоззрения, раскрывая стилистическую сущность устаревших слов. Результаты исследования являются важным языково-культурным материалом для таких направлений казахского языкознания, как паремнология, стилистика, историческая лексикология и фразеология. Статья является вспомогательным материалом, который может дать направление исследованиям по этимологии устаревших слов и изучению национального языкового наследия.

Ключевые слова: поговорка; устаревшие слова; архаизмы; пословицы; этимология; плеоназм

Для цитирования: Канапина С.Г., Безаубекова А.Д., Есиркепова К.К. Этимология устаревших слов в поговорках. *TiltanyM*, 2025. №3 (99). С. 49-60. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-49-60>

Saule Kanapina^{1*}, Almagul Bezaubekova², Kenzhegul Yesirkepova³

^{1*}Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Kostanay Regional University, Kazakhstan, Kostanay, ORCID: 0000-0002-1287-4114 E-mail: kanapina.71@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Kostanay Regional University, Kazakhstan, Kostanay, ORCID: 0009-0004-0246-6629 E-mail: adaeva1981@mail.ru:

³Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Kostanay Regional University, Kazakhstan, Kostanay, ORCID: 0000-0002-8139-4034 E-mail: kenzhe.1810@mail.ru

ETYMOLOGY OF OBSOLETE WORDS IN PAREMIOLOGICAL EXPRESSIONS

Abstract. The article examines in detail the etymology and stylistic function of obsolete words in Kazakh paronyms. The study examines the nature of obsolete words, the peculiarities of their use in a literary text, and the pragmatic trends preserved in proverbs and sayings as a permanent part of oral folk literature. The article pays special attention to the etymology of obsolete words in paroemias and their functioning in the language, as well as demonstrates their skillful use for artistic and aesthetic purposes. At the same time, the etymology of obsolete words, their place in the language system, their structural features and semantic changes are proved by concrete examples. The theoretical basis of the article is the works of Kazakh scientists G. Kaliyev, A. Bolganbayev, A. Qaidar, R.Syzdyq, Zh. Mankeyeva, S. Sarybayev, A. Yskakov, A. Salqynbai, R. Avakova and others. The article pays special attention to the etymology of obsolete words in proverbs and their existence through language, demonstrating their skillful use in parodies for artistic and aesthetic purposes. In this context, it is proved that obsolete words are not only a linguistic element of vocabulary, but also an expression of the national spirit and historical memory. The article comprehensively describes the artistic possibility of language, its potential in conveying the national worldview, revealing the stylistic essence of obsolete words. The results of the study are an important linguistic and cultural material for such areas of Kazakh linguistics as paremiology, stylistics, historical lexicology and phraseology. The article is an auxiliary material that can provide a direction for research on the etymology of obsolete words and the study of the national linguistic heritage.

Keywords: paremia; ancient words; archaisms; proverbs; etymology; pleonasm

For citation: Kanapina, S., Bezaubekova A., Yesirkepova, K. Etymology of Obsolete Words in Paremiological Expressions. *TiltanyM*, 2025. No.3 (99). P. 49-60. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-49-60>

Кіріспе

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер ұлт руханияты мен дүниетанымының көркем шежіресі. Олар ғасырлар бойы жинақталған халық даналығын, өмір тәжірибесін, моральдық-этикалық нормалар жүйесін, мәдени кодтар мен ұлттық болмысты бейнелейтін тілдік құрылымдар. Сол мақал-мәтелдердің құрамында кездесетін архаизмдер, яғни көнерген сөздер мен грамматикалық тұлғалар тіліміздің тарихи дамуының куәсі әрі мәдени мұраның бір бөлігі болып табылады. Архаизмдер қазақ мақал-мәтелдерінің лексикалық құрамында ерекше орын алады. Бұл көнерген элементтерді түсіну арқылы біз мақал-мәтелдердің түпкі мағынасын, поэтикалық қуатын және дүниенің тілдік бейнесіндегі көркемдік өлшемдерін тереңірек ұғына аламыз.

Мақалдар мен мәтелдердің құрамындағы архаизмдік сөздерді қазіргі қазақ тілі нормасынан қарағанда, олардың ескіріп, көнеруі әрқилы, әртүрлі жүйемен жасалып отыратынын байқаймыз. Бұлардың ескіріп, көнеруі, біріншіден, қоғамдық жағдайдың өзгерісіне байланысты болса, екіншіден, тіліміздің жалпы лексикалық қорынан кейбір сөздердің орын ала алмауына

байланысты болады. Сондықтан бұл архаизм сөздер өздерінің көнеру дәрежесіне, ескіру, көнелену себептеріне, қолданылу мүмкіндігі мен сипатына қарай сараланады. Көнеру, ескіру дәрежесіне қарай архаизм сөздер мынадай топтарға бөлінеді:

- а) тілден біржолата жоғалып, ешбір жаңа сөз жасауға негіз бола алмайтын архаизм сөздер;
- ә) тілде жеке сөз ретінде қолданылмай, тек туынды сөздердің түбірінде кездесетін сөздер;
- б) тілде жеке мағына беретін единица ретінде қолданылмай мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестердің құрамында кездесіп, тек коммуникативтік немесе коммуникативтік-экспрессивтік мән беріп тұратын сөздер.

Архаизмдерді осылайша топтарға бөлуді арнайы қарастырмай, олардың жалпы сипатына тоқталамыз. Әлемнің тіл арқылы бейнеленуі көркемдік тұрғыда қоршаған ортаны тануға және шындықты ұғынуға мүмкіндік береді. Сондықтан айналаны мақал-мәтелдер арқылы зерделеудің мәні айрықша. Себебі тілдік бейне – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған өмірлік тәжірибесі мен дүниетанымының көрінісі. Ал халықтың нақыл сөздерінде ел даналығы, құндылықтар жүйесі, қоғамдық ұстанымдар, ұлттың әлемге, адамзатқа және өзге халықтарға деген көзқарасы сынды маңызды мәліметтер қамтылған.

Мақал-мәтел жүйесіндегі көнерген сөздердің лексикалық және грамматикалық табиғаты ерекше назар аудартады. Бұл ретте көптеген қызықты тіл фактілері өз алдына жан-жақты сөз етіліп, *кебенек, оразды, қазан, ажа, күлік, қас, түмен* сияқты сөздердің шығу тарихына үңілуге тура келді.

Материал және әдістер

Мақаланың зерттеу нысанына қазақ мақал-мәтелдеріндегі көне сөздердің этимологиясы алынды. Зерттеудің эмпирикалық материалы ретінде қазақ тіліндегі жалпыхалықтық мақал-мәтелдер құрамындағы көне сөздердің қолданыс ерекшелігі талданды. Ғылыми мақаланы жазуда теориялық, ғылыми сипаттау, талдау, жинақтау, жіктеу, деректер жинау, статистикалық талдау, зерттеу әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Тілші ғалымдар Ә. Болғанбаев пен Ғ. Қалиевтің авторлығымен бірнеше рет қайта басылған «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты оқулықтың орны ерекше екенін айту қажет. Еңбекте қазақ ұлттық тілінің болмыс-бітімі, ұлттық әдеби тілдің сипаттамасы сияқты күрделі мәселелерден бастап, лексиканың семасиологиялық сипаты, құрамы мен шығу арналары, қолданыс ерекшелігі, қазақ фразеологиясы мен лексикографиясына қатысты ғылыми мәселелер кең талданып, тілдік деректер мол қамтылып ұсынылады. Авторлардың пайымдауынша, сөздердің ескіріп, тілдік айналымнан біртіндеп шығып қалуы – аяқасты орын алатын үдеріс емес. Алдымен сөздің қолданыс жиілігі бәсеңдеп, ол енжар лексика қатарына өтеді; кейінгі ұрпақтың бір бөлігі ғана сол сөзді қабылдайды да, уақыт өте келе ол келесі буынға жетпей, бірте-бірте ұмыт бола бастайды (Қалиев, Болғанбаев, 2006: 176).

Ә. Қайдардың пікірінше, мағынасын жоғалтқан немесе көнерген сөздер архаизмдер деп аталады. Мұндай сөздер толық жойылып кетпей, көбіне тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің құрамында сақталады. Бұл құбылыс барлық тілдерге тән. Сондықтан мағынасы көмескі тартқан сөздердің шығу тегі мен бастапқы мәнін айқындау үшін тіл білімінде арнайы этимология бағыты қалыптасқан (Қайдар, 2014: 107).

Т.В. Коростелева архаикалық лексиканы зерттей отырып, оның ескіру себептеріне қарай екіге бөлінетінін (архаизмдер мен историзмдер) атап көрсетеді. Ол архаизмдердің тек ішкі тілдік процестерден ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени жағдайлардың ықпалынан да қалыптасатынын айтады (Коростелева, 1995: 7).

Бұндай сөздер бара-бара қолданудан біртіндеп ығысып, тілде қолданудан шығып қалуы да мүмкін. Қазіргі қазақ тілінің фразеологиялық қорында тек фразеологизм мен паремия құрамында ғана қолданылып мағынаға ие болатын, жалпыхалықтық тілде жеке қолданылмайтын сөздер кездеседі. Фразеологизм мен паремия құрамындағы мұндай сөздерді лексикалық архаизмдер деп атаймыз. Тіркес құрамындағы сөздердің мағынасын (кеңірек этимологиясын) тек олардың шығу төркініне этимологиялық талдау жасағанда ғана ашуға мүмкіндік туады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі», Академик Ә.Т. Қайдардың 1985 жылы шыққан «Структура односложных корней и основ

в казахском языке», Академик Р. Сыздықованың 1994 жылы 2-басылған «Сөздер сөйлейді» еңбегі мен Ә. Нұрмағамбетовтың «Бес жүз бес сөз» еңбектерінде негізінен сөздердің этимологияларына талдау жасалып, кейбір фразеологизмдер құрамындағы қолданыстан шыққан сөздердің төркініне салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдау жасалып, тұрақты тіркестердің кезінде еркін тіркестерде пайда болған конструкциялар екеніне ғылыми дәйектемелер арқылы көз жеткізеді. Бүгінгі тілдік (синхронды) көзқарас тұрғысынан түсіндіру мүмкін болмайтын кейбір тілдік құбылыстардың бастауы тарихи дәуірлермен тығыз байланысты екенін түрлі тілдік материалдар нақтылай түседі. Қазіргі қазақ тілінде кездесетін кейбір тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер құрамындағы мағынасы көмескі сөздердің төркіні кей жағдайда бөгде (кірме) элементтерден келіп шықса, енді бір бөлігі өз бастауларын көне жазба мұралардан немесе туыстас тілдерден алады деуге толық негіз бар.

Нәтижелер және талқылау

Тіл тарихын жан-жақты зерттеген ғалым Р.Сыздықова мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің құрамында көнерген сөздер жиі кездесетінін айтады. Автор «бұлген елден бүлдіргі алма» деген мақалдағы *бұлген* сөзін қазіргі «бүліну» етістігімен байланыстыра отырып, оның бастапқы «елдің жеңіліп, ойрандалуы, ыдырауы» деген мағынада қолданылған көне тұлға екенін түсіндіреді. Бұл сөз XV – XIX ғғ. жырауларда да, Махамбет өлеңдерінде де кездесетінін көрсетеді.

Сонымен қатар ғалым *қарашы* сөзінің тарихи өзгерісін талдайды. Орта ғасырларда қарашы – ханға тікелей қызмет еткен, әлеуметтік мәртебесі бар топ уәкілі болса, кейінгі дәуірлерде ол «қара халық, жарлы-жақыбай» мағынасын иеленген. Бұл атаудың монғол тіліндегі *қарачу* тұлғасымен байланысы да айтылады.

Зерттеуші *сұрқылтай* сөзінің мақал-мәтелдерде сақталып қалғанымен, қазіргі қазақ үшін мүлде бейтаныс екенін, ал көркем әдебиетте ол кейде қате мағынада жұмсалып жүргенін мысалға келтіреді. Бұл құбылысты ол *парономиялық аттракциямен* байланыстырады. Сөздің монғол тіліндегі түбірі *сурульдай* екені, бастапқыда «ханның кеңесшісі, ділмары» деген мағына бергені де көрсетілген. Осылайша, ғалым мақал-мәтелдер құрамындағы архаизмдердің шығу төркінін этимологиялық тұрғыда дәлелдеп, олардың тарихи мағыналық реңктерін айқындайды (Сыздықова, 2014: 221).

Қазақ тіл білімінде академик Р.Сыздықтың жолын жалғастырушы, этнолингвистика, лингвомәдениеттану саласына зор еңбек сіңіріп жатқан ғалым Ж.Манкеева «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты еңбегінде Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімінде алғаш рет қазіргі тілдік деректерді тарихи тұрғыдан қайта жаңғыртуды ұсынғанын айтады. Ол тілдің даму кезеңдерін жердің геологиялық қабаттарына теңеп, көне түбірлерді зерттеудің маңызын көрсеткен. Осы орайда «өлі түбірлердің» «байлаулы түбірлерге» жақындығын атап өтеді. Сондай-ақ ғалым Г.О. Винокур енгізген «байлаулы негіз» ұғымына сүйене отырып, аффикстер арқылы ғана қолданыс табатын, жеке тұрғанда мағынасы түсініксіз болатын негіздерді түсіндіреді (Манкеева, 2014: 17).

Демек, екі ұғымның арасында өте тығыз жақындық бар. Бұған қоса байланыстырушы түбірлер синхронды талдаудың бірлігі болып табылады, себебі ол өз кезегінде қалдық ретінде, сөз құрамындағы сөзтудырушы, сөзтүрлендіруші морфеманың нәтижесі ретінде мүшеленеді. Өлі түбір де байлаулық сипатқа ие, өйткені ол белгілі бір морфемасыз қолданылмайды, яғни қосымша арнайы белгілердің көмегімен ғана байланысады. Оны көмекші морфемалар жалғана алатынын этимологиялық талдау жүргізу арқылы ғана анықтауға болады. Сондай-ақ өлі түбірлер қарапайым синхронды әдіс арқылы түбір қосымшаға ажыратылмайды.

Осының барлығын қорытындылай келгенде, «түбір» ұғымын дәстүрлі талдаулардың күшімен анықтау әлдеқайда күрделі екенін байқаймыз. Түркітану ғылымы түркі түбірлерінің дәрежесі туралы біржақты шешім айта алмай келеді. «Түбір», «байырғы сөздер», «түбірсөздер» терминдері тек шартты мағынада анықталады. Түркі тіліндегі морфологиялық жүйе қаншалықты айқын болғанымен, алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасында бұл элементтер түбірге жата ма, әлде олар өлі морфема қатарын құрайды ма деген мәселеленің басы ашылған емес. Ж.Денидің бұл сөздері бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоя қойған жоқ. Біз қарастырып отырған екі буынды императив етістік құрамындағы өлі түбірлер – әрбір тілдегі әртүрлі даму сатыларына тән заңдылықтар негізінде туындаған, өзінің тәуелсіздігін, жеке мағынасын ішкі және сыртқы факторлар әсерінен жоғалтқан, белгілі бір модельдермен ғана шектеліп, мән-мағынасынан

айрылып, көне түбір қатарына енген тұлғалар. Императив етістік құрамындағы өлі түбірлерді қайта жаңғырту процесінде этимологиялауға бағынатын және бағынбайтын топтарды ажыратуға болады.

Егер тілдің кейбір тарихи дамуындағы ерекшеліктер мен өзіне тән арнайы қасиеттері өткен дүниенің кейбір қалдықтарын (реликтивтерін) сақтауға мүмкіндік бермесе, онда тілді салыстырмалы-генетикалық тұрғыдан зерттеу де мүмкін емес болар еді. Себебі солардың негізінде әрбір тілдің тарихы қалыптасады, сол тарихи белгілер зерттеледі.

Тілдің өткен тарихындағы қалдықтарды сақтауға мүмкіндік жасайтын екі факторды атауға болады: олар жіктеліп отырған тілдің жеке компоненттеріндегі өзгерістердің біркелкі болмауы, кең көлемде алғандағы жалпы тілдердің бойындағы өзгерістердің бір қалыпты болмауы.

Салыстырмалы-тарихи әдістің осындай сәттерінің өлі түбірлерді талдауға да қатысы бар. Императив етістік құрамындағы байырғы түбірлердің этимологиялық құрылымын анықтаудағы оның рөлін жоққа шығармағанмен, сөздің морфемалық құрамының тарихи жіктелуін анықтау барысында салыстырмалы-тарихи әдіспен қатар морфемалық талдау мен жоққа шығару әдістерін де кеңінен қолданған дұрыс екендігін мойындауымыз керек. Себебі, олар бастапқы түбірді оған жалғанған грамматикалық форманттан біртіндеп ажырату жолымен анықтайды. Біз талдап отырған императив етістік құрамындағы морфемалық жіктелу құрылымы, ең алдымен, екібуындылығымен сипатталады. Ал тілші ғалымдардың көбі олардың құрылымына интуиция арқылы қазіргі тілде жіктелмейтін бірбуынды түбір-негізді көреді (Манкеева, 2014: 18).

А.Салқынбайдың «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде Р.Сыздықтың мұра тілін зерттеудегі еңбегіне жоғары баға беріледі. Ғалым «Жами-ат тауарих» тілінің лексикалық жүйесін, грамматикасын қазіргі қазақ тілі диалектілерімен салыстыра талдап, шығарманың қазақ тілінде жазылғанын нақты дәлелдейді. Шежіре тіліндегі сөздер мен тұрақты тіркестердің қазақ тіліндегі қолданыспен сәйкес келуі – осының айғағы. Мәселен, *аң, ал, ау* сияқты сөздер, сондай-ақ *бөлек, билеу, ел билеу, күйеу, біреу, ақча, баулық, қыр, ой, жапты* тәрізді атаулар мен *қыз берді, ел болады, ажапқа қалды, бәнде қылды, фарман болды, кіріптарлық шекті, аяқ асты болды, бір йашады, ол қатунын йенгелете (жеңгелей) алды, көңүл қылышты, тілегін тіледі, қатун ййберді, сөзінден чыкмады* секілді фразеологизмдер қазақ тіліне тән екендігі көрсетіледі. Р.Сыздықтың бұл тұжырымдары тілдік қана емес, танымдық-психологиялық тұрғыдан да құнды деп бағаланады (Салқынбай, 2008).

Тарихи лексикология саласында плеоназм құбылысы ерекше орын алады. Жинақталған тілдік деректерге сүйене отырып, көнерген немесе мағынасы көмескіленген фразеологизмдер мен паремия құрамындағы компоненттерге плеонастық құбылыс тән екені анықталды. Плеоназм – грек тіліндегі *pleonasmos* – «артықшылық, шамадан тыс, асып түсу, көп болу» мағынасын беретін ұғым. Сөздердің немесе сөз тіркестерінің қабаттасып, қатар қолданылуы нәтижесінде бір мағынаны білдіріп, қалыптасып кеткен екі сөз (Әдебиеттану терминдер сөздігі, 1998).

Бір-бірімен мәндес, мағыналас екі сөз ұдайы қатар қолданыла бере бір сөз ретінде танылады. Мұндай қайталама қатарларды екі тілдің сөздері немесе көне және жаңа сөздер, сонымен қатар қызметі бірдей екі морфологиялық тұлға құрай алады. Лингвистикада плеоназм терминіне кейде периссология деп те атайды. Плеоназм құбылысымен тавтология, баттология гендиадис, қос және қосарлы қайталама сөздер, дублеттер және т.б. ұғымдарын қатар қойып түсіндіру де тіл білімінде кездеседі.

«Тіл білімінде плеоназм құбылысын «басы артық, ой қайталаушылық» деп таниды. Бірақ бұл жердегі «басы артықтық» абсолюттік емес, яғни плеоназм белгілі бір стильдік не мағыналық қызмет атқарғанда ғана тілде орын алады. Мұндай қызмет атқармаса, тіл нағыз (абсолюттік басы артық дүниені көтермейтіндіктен, плеонастық қатарлар түзейді) (Сыздықова, 1994). Академик Р.Сыздықованың ғылыми тұжырымын әрі қарай дамытсақ, шынымен де, тілде «артық» дүние, керексіз бірліктер болмайды. Кез келген тіл үшін олардың атқаратын функциясы болады. «Басы артық» сөздер мен ұғымдардың жалпы тіл тарихында кездесуі сөзсіз, мәселен, қоғам дамуы мен мәдени, экономикалық және саяси өзгерістер нәтижесінде кейбір ұғымдар қолданыстан шығып, көнерген сөздер немесе историзмдер қатарын құрайды. Алайда уақытша қолданыстан шығып қалған историзмдер мен архаизмдер кей жағдайда қайта жаңғырып, мағынасын кеңейте отырып жаңа ұғымдарды білдіретін лексемалар жасай алатыны тіл тарихынан белгілі (мысалы, *әкім, төраға, тұсаукесер* және т.б.).

Ғалым Р.Авакова «Фразеология теориясы» еңбегінде мынадай тұжырым жасайды: «Қазақ тіліндегі көнерген мағыналы фраземаларға талдау жасау барысында тіркес құрамындағы сыңарлардың плеонастық тіркестер құрай алатынын тілдік деректер дәлелдейді. Қазіргі қазақ тіліндегі плеоназмдер жүйесінің қалыптасуы тіл заңдылықтарына ғана емес, экстралингвистикалық құбылыстармен де тікелей байланысты. Олар қоғамдық өмір мен тілдік қатынастардағы әлеуметтік, тарихи, экономикалық, саяси және т.б. өзгерістерді көрсетіп отырады дей келе, ғалым Р.Сыздықованың 1994 жылы жарық көрген «Сөздер сөйлейді» еңбегінен мысалдар келтіреді: «*Кердең мойын, Кердең мойын кесілді деген тіркес бар парсы тіліндегі гердең – кердең мағынасы «мойын» тіркестің тура мағынасы мойын болады. Парсы және қазақ тілдеріндегі мойын деген сөз қатар айтылып плеонастық қатар түзеп тұр*» (Авакова, 2009: 155).

Мақалдар мен мәтелдер ұзақ дәуірді басынан өткеріп, тілдің лексикалық қоры сияқты, тілмен бірге өмір сүріп келе жатқан категория болғандықтан, бұлардың кейбір компоненттерінің қазіргі қазақ тілінің нормасымен салыстырғанда, архаизмдік құбылыстарға айналғаны байқалады. Мәселен, «Ай дер ажа жоқ, қой дер қожа жоқ», «Тозған елді там жинар», «Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге», «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан», «Ерді кебенек ішінде таны», «Ораздың он тамыры бір келеді», «Ұлық болсаң, кішік бол» сияқты мақалдардың құрамында келетін: *ажа, там, түмен, қазан, кебенек, оразды, ұлық, кішік* деген сөздердің лексикалық мағынасы ескіріп, қазіргі әдеби тілімізде қолданбай, көнерген сөздер қатарында қалып қойып отыр. Бірақ бұл сөздердің бір кезде тіліміздің лексикалық қорында болғанына осы мақалдар дәлел бола алады. Мұның ішіндегі: *ажа, там, түмен, қазан, кебенек, ұлық, кішік* деген сөздердің өзіндік ерекшеліктері бар екені мәлім.

«Ажа» деген сөз ескі түркі тілдерінде «ата» деген мағынада қолданғанын кейбір тарихи материалдар дәлелдейді. Оңтүстік облыстарда «еже» деген сөз «ие» деген мағынада қолданылады. Сондықтан бұл сөздердің лексикалық мағынасы мен тұлғалық өзгешелігін ескергенімізде «еже» немесе «ажа» деген сөздердің төркіні бір-біріне жақын келетінін байқаймыз.

«Ажа» дегеннің тарихы жөнінде айтылған пікірлер көп. Бірақ ол пікірдің бәрі де бұл сөздің көнеріп, мағынасы өзгергенін дәлелдеумен қатар о басты лексикалық мағынасын айқындайды. Мәселен, Б.М. Юнусалиев ерте ғасырлардағы (тіпті біздің дәуіріміздің бірінші ғасырындағы) кейбір қытай жазуларында «ажа» деген сөздің ұшырайтынын көрсетеді. Демек, бұл сөз ертеден түркі тілдерінің лексиконында қолданып келе жатқан сөз екені байқалады (Юнусалиев, 1960).

Сол сияқты «Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге» деген мақалдағы «түмен» деген сөздің мағынасы ескі түркі тілдері мен моңғол тілінде «он мың, сансыз» деген мағынада жұмсалады деп ғалым Ш.Сарыбаев анықтайды (Сарыбаев, 1959). Ал бұл сөздің ерте кезде түркі халықтарының тілінде көп айтылатыны жөнінде А.Ысқақов: «Ертедегі түріктерде санау өнері жоғары сатыда болған, олар он мыңды – түмен, жүз мыңды – түт деп атаған» (Ысқақов, 1960), – деп көрсетеді.

«Қазан» деген сөздің мағынасы ескі шағатай (ескі түркі) тілінде ағаштың жапырағы сарғайып, қураған кезді айтқан, яғни жыл мезгіліне қатысты айдың атауы.

Дәл осы сөздің мағынасындай қолданылатын: «там» деген сөзді алсақ, бұл сөз алдыңғысы ескі түркі тілдерінде «кірпіштен, кесектен тұрғызған үй, жай» мағынасында айтыла келіп, кейін әр жерде әртүрлі мағынада айтылатын болған. Мәселен, осы сөз басқа бір жерлерде «мола», «мазарат» деген атауды ұғындырады. Ал «Тозған елді там жинар» деген мақалдың шығуы ерте кезде болу керек. Өйткені бұл сөздің кейін әр жерде әртүрлі мағынада қолдануына байланысты, бертінде шығуы мүмкін емес.

«Кебенек» деген сөзге байланысты айтылатын «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді», «Ерді кебенек ішінде таны» деген мақалдар бар. Бұл сөздің жеке лексикалық мағынасының күңгірттігі контекст бойынша айтылғанда да байқалады. Жоғарыда аталған мақалды жазушы С.Мұқанов авторлық өңдеу жасап қолданғанын көреміз: «Үйде шешем бар. Басқа жаным жоқ. Келіншегім биыл опат болды. «Кебін кигеннен түңіл, кебенек кигеннен түңілме» деген. Тірі болса Асқар ертең-ақ босар. Баласы мен әйелін аман-есен қолына тигізсем, оған одан үлкен олжа болмас.» (Мұқанов, 1989: 399).

Мұндағы мақалдың жалпы мағынасын білдіруге тікелей қатысы бар «кебін» деген сөз тілдің лексикалық қорында мағынасы ескіріп келе жатқан сөз болғанымен әлі де қолданып келеді.

Мұның мағынасы «өлген адамды орайтын арнаулы мата» деген ұғымды білдірсе, «кебенек» деп ерте кезде жүннен басылған шапанды атаған. Бұл шапанның сыртқы көрінісі нашар келген де, бұрын мұны кедейлер киетін болған. Сонымен қатар бұл киім кейіннен жаугершілікке аттанарда киетін әскери форманың атауы болып қалған. Бұл атаудың басқа да мағынасы бар. Қазақ халқы мал шаруашылығымен ұзақ дәуірден бері айналысып келе жатқандықтан, тілдің сөздік құрамында мал атаулары мен соған байланысты айтылатын атаулар сандап кездесіп отырады. Ешкі малында болатын аурудың атын кебенек деп атайды. Бірақ бұл соңғы мағынаның алғашқымен ешбір байланысы жоқ. Жазушы Ғ. Мұстафин де аталған мақалды орынды қолданғанын көреміз:

«Жоғалтқаным табылды, өшкенім жанды, найқалма, шал. Бол!.. – деп шелекті ала жөнелгенде Мейрам тоқтатты. Қанша бәйік болса да, соймақшы болған малына қарамады. Қымыз ішіп отырып, Қарағандыға барған соң жерміз, – деді де қонатын қоныстарын нұсқады. Нұсқаған жері – Ардақ отырған көп ауыл. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген осы, – деді Жайлаубай. – Енді бізді өзің басқара бер, шырағым. Суға, отқа айдасаң да тартыну жоқ. Шүкір, бетім дұрыс екен!» (Мұстафин, 1981: 90).

Р.Сыздықованың пайымдауынша, *кебенек* пен *кебін* мағынасы жағынан жақын болғанымен, төркіні бөлек сөздер. *Кебін* – араб тілінен енген кірме сөз, ал *кебенек* көне *кеп* («қалып») түбірінен жасалған. Бұл мағына қазіргі қырғыз тілінде де сақталған. Қазақ тіліндегі *кептеу*, *кептелу*, *таз кепеш* сияқты сөздер осы түбірмен байланысты. «Қалып» мәнінен «киім» мағынасының туындауы заңды құбылыс, сондықтан *кебенек* бастапқыда «киім», кейін «киізден жасалған шапан» дегенді білдірген (Сыздық, 1995: 87).

Ю.Каракаев ноғай тілінің қыпшақ-ноғай тобына жататынын айта келе, тарихи деректерге сүйеніп, XIV – XVIII ғасырларда Ноғай Ордасында ол мемлекеттік, дипломатиялық тіл қызметін атқарғанын көрсетеді. XIX ғасырдың соңына дейін Солтүстік Кавказда ұлтаралық қатынас құралы болған бұл тіл кейін тілдерді біріктіру саясаты салдарынан қолданыс аясын тарылтып, негізінен тұрмыстық деңгейде ғана сақталды. Соның нәтижесінде архаикалық лексика қолданыстан шығып, халықтың өткен дәуірін танытатын тарихи қабатқа айналды (Каракаев, 1999: 8).

«Ұлық, кішік» деген сөздер ескі түркі тілдерінде қолданылғаны мәлім. Бұрын ай аттарына байланысты «Ұлық ай, кішік ай» деген сөз тізбектері ұшырайды. Ал «Қонақтан қонақ ұлық», «Ұлық болсаң, кішік бол» деген мақалдардағы «ұлық, кішік» дегендер қазіргі әдеби тілімізде «ұлы, кіші» деген морфологиялық тұлғада ғана кездеседі. Мәселен, өзбек, түрікмен тілдерінде «ұлық, кішік» сөздері өзінің көне тұлғасын сақтап қалған. Түрікмен тілінде «Кчик мақта улугь мынь», «маленькую хвали, на большую садись» деген мақал бар. Сондықтан «ұлық, кішік» деген сөздер де алғашқы сөздер сияқты жалпы түркі тілдерінде ортақ айтылғанына жоғарыдағы мақалдар кепіл бола алады. Бұдан тілдің сөздік қорында бұрын қолданып келген кейбір сөздердің қазіргі кезде тілімізде жұмсалудан шығып қалып, тек мақал-мәтелдердің және басқа тұрақты фразеология құрамында ғана айтылғанын аңғаруға болады.

Ал басқа тілдерден енген кейбір сөздер мақал мен мәтелдің құрамынан басқа жерде жеке айтылмайды. «Ораздының он тамыры бір келеді», «Ораздының баласы он бесінде баспын дер, шеразының баласы жиырма бесінде жаспын дер», «Болса оразым, болмаса қоразым» деген мақалдардағы «оразды» деген сөз арабша «бақыт», «бақ» деген мағынаны білдіреді. Бұл қазіргі тіліміздің тұрғысынан қарағанда, мағынасы ескіріп, қолданудан біржолата шыққан сөз екені байқалады. Бұл сияқты сөздер мақал мен мәтел құрамынан көп кездеседі.

Р.Сыздықованың пікірінше, қазіргі қазақ тіліндегі бірқатар ескіліктердің түп-төркінін көне түркі тілдерінен іздеу қажет. Тіл – тарихи құбылыс болғандықтан, кейбір сөздер қолданыстан мүлде шығып қалады немесе сирек ұшырасатын көнелікке айналады. Сондай-ақ қазақтағы ескі сөздердің бір бөлігі парсы тілінен енген. Орта ғасырларда парсы тілі түркі мәдениетіне ықпал етіп, поэзия мен білім саласында кең қолданылған. Соның нәтижесінде *астана* сияқты сөздер көнелік мәнде сақталған. Мысалы, жырларда кездесетін *астана жұрт* тіркесінде астана – «табалдырық, билеуші ордасы» деген ескі мағынада жұмсалса, қазіргі қолданыста ол «орталық қала» ұғымын береді. Демек, мұндай лексемалар семантикалық архаизмге жатады (Сыздықова, 2014: 224).

Мақал мен мәтелдің құрамына енген сөздердің ішінде діни, ғылым салаларына байланысты тіліміздің лексикалық қорына қосылған сөздердің қазіргі кезде мағынасы ескіріп, белгілі бір дәуірдің бейнесін білдіретін тарихи сөздер ретінде қалып қойғанын көреміз. Бұлардың кейбіреуі

тілімізде мағынасы ескіріп, қолданудан шығып қалса, енді біреуі мағынасы ескіргенмен де кей жағдайларға байланысты әдеби тілімізде жұмсалып отырады. Мәселен, «Үт келді, жұт келді», «Жетті айы жебедей жерге тығады», «Қар жауды деп қуанба, аязы бар, қожа келді деп қуанба, ниязы бар», «Ауыл аулақ болса, доңыз төбеге шығады», «Қас жақсының белгісі, қара сөзді жақтамас» деген мақалдардағы: «үт, жетті» дегендер қазақша ескі ай аттары болса, «нияз», «доңыз» деген діни ұғымға байланысты айтылатын сөздер.

«Қас», «қаса» деген парсы сөзі. Бұл қазақша: «аса», «нағыз» деген мағынада айтылады. Бұл сөз кез келген сөздермен тіркесе бермек, белгілі сөздерге үстеме мағына беру мақсатымен жұмсалып отырады. «Қас шеберде оймақ болмас, қас сұлуда мін болмас», «Қас жүйрікте сын болмас, қас сұлуда мін болмас», «Қас жаман күн жаумай су болар», «Қас жақсының белгісі, қара сөзді жақтамас», «Қас бекзаттың белгісі, қайғысын жұртқа білгізбес» деген мақалдардағы «қас» деген сөз: шебер, жақсы, сұлу, жүйрік, жаман, бекзат деген сөздермен ғана тіркесіп, анықтауштық қызмет атқарып тұр. Ал басқа кез келген сөзбен тіркесе бермейді.

Бұл сөзге ғалым Р.Сыздықова «Абайдың сөз өрнегі» еңбегінде былай тоқталады: «Абай шығармасында бұл сөз басқа тұлғада кездеседі: «Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл, Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға» дегендегі «қаса» сөзі мен «қас» дегеннің төркіні бір. Бұл сөз жеке қолданбайтындықтан, оның мағынасы түсініксіздене бастаған. Сонымен бірге әдеби тілімізде бұл сөз басқа синоним сөздермен ауыстырылып қолданады. «Қас» деген сөз белгілі сөздерге тізбектеліп, сөз тіркесін жасаумен бірге, экспрессивтік мағына беру үшін қолданады» (Сыздықова, 1995: 89).

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының әзірлеген Қазақ тілінің ұлттық корпусында паремиологиялық қор құрамында көнерген сөздері бар мақал-мәтелдер де молынан ұшырасады. Мысалы: «Әзелден дұспан дос болмас». Әзел – араб тілінде азил – мәңгілік, өмірлік дегенді білдіреді (Жанұзақ, 2009).

«Балта шапқанша, дөңбек жал табады» (Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі, 1997). «Дөңбек» – қазіргі қазақ тілінде сирек қолданылатын, көнерген сөз. Бұл сөз халықтың ағаш өңдеу, отын шабу, көшпелі тұрмыс кезіндегі заттық мәдениетімен тығыз байланысты. Сондықтан бүгінгі тіл қолданысында архаизм болып есептеледі. «Дөңбек» – кесілген, жуандау, домалақ ағаш бөлігі. Яғни ағаштың қалың, шомбал тұсы. Мұндағы ой – дөңбек (ағаш бөлігі) өздігінен тепе-теңдігін тауып, жалға (тірекке, тірелетін жерге) тоқтайды. Ал балта – сырттан төнген қауіп. Бірақ балта тигенге дейін дөңбек өз орнын таба алады, яғни адам да өмірдің дауылына қарсы тұрып, өз жолын таба алады деген ұғымды білдіреді. «Әркім жер-жеріне кетеді, жекен суына кетеді». «Жекен жерінде көгерер, Сор елінде көгерер». «Көлге біткен жекенсің, бүршігі жоқ тікенсің» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 6-том). Бұл мақалдар адамның табиғи болмысына, жаратылысына, өскен ортасына тартып тұратынын білдіреді. Яғни, әркім өз туған жеріне, ата-мекеніне, болмысына сай ортасына қайта оралады, өзіне тән дүниеге тартылады. Мақал екі бөліктен тұрады: «Әркім жер-жеріне кетеді» – әркім өз жұртына, туған-туысына, өскен ортасына қайтады. «Жекен суына кетеді» – табиғаттағы бір зат та өзіне тән жерге тартылады, бұл да заңдылық. «Жекен» – қазіргі қазақ тілінде өте сирек қолданылатын, көнерген сөз. Жекен – бұл өсімтал, әрі шөлге төзімді, көбінесе жабайы тіршілік ететін, суат табуға бейімді түйе немесе түйе тұқымдас мал деген мағынада қолданылған. Кей өңірлерде жалғыз жайылып жүрген, еркін жүрген түйе мағынасында да айтылады. Түйе – шөлге бейім жануар, сондықтан ол инстинкт арқылы суды (суат, бұлақ) иісінен біліп, сол жаққа өзі кетіп қалады деген ұғым жатыр. Мақал терең ойды білдіреді: Адам да, табиғаттағы тіршілік иесі де өз тегіне, өз ортасына тартылады. Бұл – өмір заңы.

Мақал-мәтелдердің құрамында қазіргі қазақ тілінің лексикалық қорынан шығып, мағына жағынан ескіріп, көнеленген қазақ сөздері де кездеседі. Мысалы: «Адал, адал түбі – кеніш», «Қыдырма, қыдырмаға сыдырма», «Иттің аузына түскен соқта, жаншылмай шықпас», «Бір оқты бұлан көтереді, екі оқты ұлан көтереді», «Білсе, барымта, білмесе, сырымта», «Халық айтса, қалп айтпас», «Күйсіз күлік жүгірмес», «Жүрген аяққа, жөргем ілінер», «Бас-басына би болсаң, маңар тауға симассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің», «Түйе – малдың қасқасы», «Қайысты талқы түзейді, тентекті халқы түзейді», «Мергеннен сыралқы, батырдан сауға» мақалдарындағы *кеніш*, *сыдырма*, *соқта*, *бұлан*, *ұлан*, *барымта*, *сырымта*, *қалп*, *күлік*, *жөргем*, *басалқа*, *қасқа*, *кез*, *талқы*, *сыралқы*, *сауға* деген сөздердің кейбіреуі тарихи кезеңге байланысты

мағына жағынан ескіріп, историзм сөздердің қатарында қалып қойса, кейбіреулерінің мағынасы көнеріп, тілдің лексикалық қорынан мүлде шығып қалды (*кеніш, басалқа, қасқа* және т.б.). Осы сөздердің кейбіреуінің мағынасына үңілейік: «қалп» сөзі ескі түркі тілдерінде «жалған», «өтірік» деген мағынада қолданылған.

«Кеніш» сөзі бұрын «молдық, байлық» деген мағынада қолданылған. Абай шығармасында «әрбір жинақтықтың түбі кеніш» деген сөйлемдегі «кеніш» деген сөздің мағынасы да жоғарыдағы ұғымды білдіреді. Бірақ бұл сөз әр жерде әртүрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырап отыратын тәрізді. «Сауданың түбі – борыш, шаруаның түбі – кеніш» – сөзінің мағынасы да алғашқының мағынасымен бірдей екені мәлім. Сондықтан бұлардың әртүрлі фонетикалық формада ұшырауы, жергілікті жерлерде болатын кейбір тілдік өзгешеліктермен байланысты болуы мүмкін.

Біз жоғарыда мақал-мәтелдердің кейбір мағына жағынан түсініксіз болып, көмескілене бастаған компоненттерінің шығу тарихы мен мағынасын айқындау мәселесіне тоқталдық. Жалпы мақал-мәтелдердің құрамына енген жеке сөздер – компоненттердің этимологиясын зерттеу жұмысы, біріншіден, олардың образдық сипатын, әсіресе, олардың қалыптасуындағы образдық атқаратын қасиетін айқындай түссе, екіншіден, мақалдардың пайда болу, шығу жолдарын түсінуде аса бағалы. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген сөздердің әртектілігі жөнінде де әңгіме еттік. Өйткені бұл сөздердің кейбіреуі жалпы түркі тілдеріне ортақ лексикалық қорға жататын болса, енді біреулері монғол, араб-парсы тілдерінен енген сөздер екендігі айқындалды. Сондай-ақ қазақ тілінің лексикалық қорында бұрын болып, соңғы кезде қолданудан шығып қалған сөздерге тоқталдық.

Мақал-мәтелдердің құрамында кездесетін көнерген сөздердің бәрі бірдей өзінің грамматикалық тұлғасын түгел сақтап отырмай, кейбір сөздердің бірнеше вариантта айтылатынын да көрсеттік. Мақал мен мәтелдің компонентіндегі көнерген сөздердің грамматикалық жағынан әртүрлі айтылуының себебі не? – деген сұрақ туындайды. Мұның басты себебі мақал-мәтел құрамындағы көнерген сөздің мағынасы көмескілене бастайды да, оның фонетикалық жағы өзгеріске ұшырайды. Олай дейтініміз, мәселен, «сыралғы», «сұралғы», «сыралқы» түрінде айтылатын сөздердің негізгі грамматикалық тұлғасы қазіргі әдеби тіліміз тұрғысынан қарағанда көнерген сөздер екені анықталды. Сондықтан мұндай сөздердің бірнеше түрде кездесуі таңданарлық іс емес. Өйткені бұл сөз сөйлеу тілімізде сирек қолданылады да, оның о баста қандай тұлғада айтылғаны белгісіз. Сонымен бірге кейбір сөздердің мағына жағынан көмескіленуіне байланысты олар мақал-мәтелдің құрамында әртүрлі тұлғада «күлік – көлік, кеніш – кеніс» деп кездесіп отырады. Мақал-мәтелдің құрамына енген көнерген сөздердің грамматикалық формалары да аса қызықты. Өйткені бұлардың ішінде лексикалық жағынан басқа, кейде грамматикалық форма жағынан да көнеленген, осы күнгі тіліміздің нормасына қайшы келетін сөздер де ұшырап отырады.

Мақал-мәтелдің құрамында кездесетін грамматикалық архаизмдер мына түрлерде ұшырасады:

- а) түбір сөз көнеленгенімен, оған жалғанатын қосымшалар қазіргі әдеби тілде қолданылып жүрген морфемалар болып табылады;
- ә) түбір сөз көнеленбегенімен, оның грамматикалық тұлғасы көне түрде кездеседі;
- б) қызметтік мәні көнеленген грамматикалық тұлғалар да бар.

Мақал-мәтел құрамындағы кейбір сөздер өзінің көне, ескі түркі тілдерінде қолданатын тұлғасын бүгінгі күнге дейін сақтап келгені байқалады. Мәселен, қазақ тілінде «қарт», «кәрі» деген түбір сөздер осы күнгі тілде де айтылады. «Ақымақ білмес атының арығанын, көсе білмес жасының қарығанын». «Білем деген – бүлем деген», «Көп біледі деген күледі, өзім білемін деген бүледі» деген мақалдардағы *арығанын, қарығанын, бүлем, бүледі* деген сөздердің түбірі қазіргі әдеби тіліміздің тұрғысынан қарағанда көне сөздер екені мәлім. Мақал-мәтел құрамында түбірі көнеленбегенімен, оған жалғанатын қосымшалардың көне түрде кездесетіні ұшырайды. «Береген қолы алаған», «Алашағым кетсе де, айташағым кетпесін», «Аласыға алтау аз, бересіге бесеу көп» дегендегі: *береген, алаған, алашағым, айташағым, аларманға, беременге, аласыға, бересіге* деген сөздер де архаизм болып есептеледі.

Қорытынды

Қорыта келе айтарымыз, паремиялардағы көнерген сөздер – қазақ халқының тарихи жадын,

ұлттық дүниетанымын, өмір салты мен танымдық ерекшеліктерін танытатын құнды тілдік бірліктер болып табылады. Бұл сөздер тек көнерген лексика ретінде ғана емес, сонымен қатар мәтіндегі стилистикалық және мағыналық реңкті күшейтетін көркемдік құрал ретінде қызмет атқарады. Тіліміздегі паремиялар халық даналығының, өмірлік тәжірибесінің көрінісі ретінде олардың ұлттық сипаттағы тілдік бейнелерді жасаудағы шеберлігін дәлелдейді. Паремиялар құрамындағы көнерген сөздер – қазақ халқының тарихи санасы мен рухани мәдениетінің көрінісі. Олар арқылы ұлттың өткенін, дүниетанымдық негіздерін, тілдік-когнитивтік жүйесін тануға болады. Бұл лексемалар этимологиялық тұрғыдан ғана емес, тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығын түсінуде де маңызды дерек көзі бола алады. Тілдің терең қатпарларында сақталған мұндай сөздер бүгінгі күнгі тіл білімінің тарихи, этимологиялық, паремиялогиялық бағыттарына тың серпін берері анық. Сондықтан паремия құрамындағы көнерген сөздерді зерттеу – қазақ тілінің тарихи-мәдени негізін танудың маңызды арнасы.

Архаизмдерді талдауда байқалған өзгешелік мыналар:

1. Көне сөздегі қосымшалардың қазіргі әдеби тіліміздегімен бірдейлігі: *қары + ған + ын, бұл + е + ді* т.б.;
2. Әдеби тілімізде бүгінге дейін қолданылып жүрген кейбір түбір сөзге көне қосымша жалғанатындығы: *алар + ман, берер + мен, ал + асы, бер + есі* т.б.;
3. Бірен-саран көнерген грамматикалық тұлғалардың, жекелеген ескі тіркестердің кездесетіндігі: «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Мезгілсіз шақырған тауықтың басын жұлмақ керек».

Лексикалық норманы сөз етуде мақал-мәтелдердегі көне сөздер мен сирек қолданылатын сөздердің көрінісі үлкен орын алады, өйткені бұлар көпшілікке түсініктілігі жағынан күмән туғызатын элементтер. Бірақ олардың қайткенде де қолданылатын сәттері бар және бас артық, қажетсіз жерлері бар.

Зерттеу барысында көнерген сөздер лексиканың қолданылу аясы мен көркемдік қызметі айқындалып, олардың мәтін ішіндегі прагматикалық, экспрессивтік мүмкіндіктері ашылды. Бұл элементтер ұлттық тілдің көркемдік әлеуетін арттырумен қатар, тарихи-мәдени сабақтастықты да қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай лексикалық қабаттарды жүйелі түрде зерттеу – қазақ тілінің көркемдік табиғатын тереңірек тануға, ұлт мәдениеті мен әдебиетін одан әрі насихаттауға мүмкіндік береді.

Осындай сөздер паремиялар арқылы тарихи лексика ретінде ғана емес, мәдени-танымдық ақпарат көзі ретінде де маңызды. Паремиялар құрамындағы көнерген сөздердің этимологиясын зерттеу қазақ тілінің тарихи, мәдени, танымдық негіздерін айқындай түсудің маңызды бір бағыты болып табылады. Бұл зерттеу мақал-мәтелдерде кездесетін архаизмдер мен историзмдердің мән-мағынасын ашу арқылы олардың қай дәуірде, қандай қоғамдық-мәдени жағдайларда қалыптасқанын түсінуге мүмкіндік береді. Мақал мен мәтелдердің құрамындағы «үт», «жетті», «қас», «жекен», «кеніш», «қалп», «сыралқы», «береген» сынды көнерген сөздер халықтың дүниетанымын, өмір сүру салтын, діни сенімін, әлеуметтік құрылымын бейнелейді. Бұлардың кейбірі – түркілік негізден шыққан төл сөздер болса, енді бірқатары – араб, парсы, моңғол тілдерінен енген кірме лексемалар. Сонымен қатар осы сөздердің белгілі бір өңірлік фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктермен айтылуы, олардың түрлі нұсқада сақталып жетуіне әсер еткен. Зерттеу барысында көне сөздердің екі түрлі сипатта көрінетіндігі анықталды: бірі – мағынасы мен тұлғасы ескіріп, қазіргі тілдік қолданыстан шыққандар; екіншісі – мағынасы көмескіленгенімен, әдеби немесе диалектілік деңгейде сирек те болса қолданылатындар. Бұл сөздер көбінесе экспрессивтік, бейнелілік қызмет атқарып, мақал-мәтелдердің образды құрылымын толықтырып тұрады. Осылайша, паремия құрамындағы көне лексемаларды тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеу тіліміздің даму жолын зерделеуге, оның ішкі әлеуетін тануға және ұлттық мәдениетіміздің өзіндік келбетін тануға мол мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Авакова Р. Фразеология теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 292 б.
 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 319 б.
 Жанұзақ Т. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: Арыс, 2009. – 552 б.

- Каракаев Ю.И. Устаревшая лексика ногайского языка: автореф. ... канд. филол. наук. – Казань, 1999. – 23 с.
- Кейкін Ж. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі. – Алматы: Өлке, 2002. – 448 б.
- Коростелева Т.В. Архаизмы как тропеическое средство в современном русском литературном языке: лингвопрагматический аспект: автореф. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2015. – 21 с.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том. / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. / Құраст.: Б. Момынова, Б. Сүйерқұлова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.
- Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. 6-т. – Алматы: Сардар, 2014. – 256 б.
- Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
- Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
- Мұқанов С. Ботагөз. – Алматы: Мектеп, 1989. – 520 б.
- Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1981.
- Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 340 б.
- Сарыбаев Ш. Кейбір сөздердің этимологиясы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1959. – №6. – 25-б.
- Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 207 б.
- Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 412 б.
- Ысқақов А. Қазақтың байырғы календары. – Алматы, 1960. – 90 б.
- Юнусалиев Б.У. Киргизская лексикология. Ч. 1. – Фрунзе: Киргизучпедгиз, 1960. – 209 с.

References

- Adebiattanu terminlerinin sozdigi (1998). Almaty: Ana tili. 319 b. [Dictionary of literary studies terms (1998). Almaty: Ana tili. 319 p.] (in Kazakh)
- Avakova, R. (2009) Frazеologija teorijasy. Almaty: Qazaq Universiteti. [Avakova, R. (2009) Theory of phraseology. Almaty: Qazaq universiteti. 292 p.] (in Kazakh)
- Karakaev, Y.I. (1999) Ustarevshaja leksika nogajskogo jazyka. Avtoref. ... kand. filol. nauk. Kazan`. 23 s. [Karakayev, Yu.I. (1999) Obsolete vocabulary of the Nogai language. The abst. ... cand. philol. sciences. Kazan. 23 p.] (in Russian)
- Keikin, Zh. (2002) Qazaqtynг 7777 maqaly men mateli. Almaty: Olke. 448 b. [Keikin, Zh. (2002) 7777 Proverbs and Sayings of the Kazakhs. Almaty: Olke. 448 p.] (in Kazakh)
- Korosteleva, T.V. (2015) Arkhaizmy kak tropeicheskoe sredstvo v sovremennom russkom literaturnom jazyke. Abstract of dissertation. Volgograd. 21 s. [Korosteleva, T.V. (2015) Archaisms as a tropeic means in the modern Russian literary language: linguistic and pragmatic aspect. The abstract. diss. cand. philol. sciences. Volgograd. 21 p.] (in Russian)
- Mankeeva, Zh. (2014) Qazaq til bilimining maseleleri. Almaty: Abzal-Ai. 640 b. [Mankeyeva, Zh. (2014) Problems of Kazakh linguistics. Almaty: Abzal-Ai. 640 p.] (in Kazakh)
- Muqanov, S. (1989) Botagoz. Almaty: Mektep. 520 b. [Muqanov, S. (1989) Botagoz. Almaty: Mektep. 520 p.] (in Kazakh)
- Mustafin, G. (1981) Bes tomdyq shygarmalar zhinagy. Tom 1. Almaty: Zhazushy. [Mustafin, G. (1981) Collection of works in five volumes. Almaty: Zhazushy. Vol. 1.] (in Kazakh)
- Qaidar, A. (2014) Gylymdagy gummyr. Qazaq tili jetimologijasynыng gylymi-teorijalyq negizderi. Tom 6. Almaty: Sardar. 256 b. [Qaidar, A. (2014) Life in Science. Scientific and theoretical foundations of the etymology of the Kazakh language. Vol. 6. Almaty: Sardar. 256 p.] (in Kazakh)
- Qaliev, G., Bolganbaev, A. (2006) Qazirgi qazaq tilining leksikologijasy men frazeologijasy. Almaty: Sozdik-Slovar`. 264 b. [Kaliyev, G., Bolganbayev, A. (2006) Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language. Almaty: Sozdik-Slovar. 264 p.] (in Kazakh)
- Qazaq adebi tilining sozdigi (2011). On bes tomdyq. 6-tom. Qurast.: Zh. Qongyratbaeva, G. Qaliev, Q. Esenova zhane t.b. Almaty. 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2011). Fifteen volumes. Volume 6. Comp.: Zh. Konyratbayeva, G. Kaliyev, K. Yessenova, etc. Almaty. 752 p.] (in Kazakh)
- Qazaq adebi tilining sozdigi (2011). On bes tomdyq. 7-tom. Qurast.: B. Momynova, B. Sujerqulova, A. Fazylyzhanova zhane t.b. Almaty. 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language (2011). Fifteen volumes. Volume 7. Comp.: B. Momynova, B. Suyerkulova, A. Fazylyzhanova, etc. Almaty. 752 p.] (in Kazakh)
- Qazaq dasturli madenietining jenciklopedijalyq sozdigi (1997). Almaty: Sozdik-Slovar`. 368 b. [Encyclopedic Dictionary of Kazakh traditional culture (1997). Almaty: Sozdik-Slovar. 368 p.] (in Kazakh)
- Salqynbai, A. (2008) Qazirgi qazaq tili. Almaty: Qazaq Universiteti. 340 b. [Salkynbai, A. (2008) Modern Kazakh language. Almaty: Qazaq universiteti. 340 p.] (in Kazakh)
- Sarybaev, Sh. (1959) Keibir sozderding jetimologijasy. Qazaq tili men adebieti. No.6. 25 b. [Sarybayev, Sh. (1959) Etymology of some words. Kazakh language and literature. No.6. 25 p.] (in Kazakh)
- Syzdyq, R. (1995) Abaidynг soz ornegi. Almaty: Sanat. 207 b. [Syzdyk, R. (1995) The word expression of Abai. Almaty: Sanat. 207 p.] (in Kazakh)
- Syzdyq, R. (2014) Sozder soileidi (sozderding qoldanylu tarihyнан). Almaty: El-Shezhire. 412 b. [Syzdyk, R. (2014) Words speak (from the history of the use of words). Almaty: El-shezhire. 412 p.] (in Kazakh)

- Ysqaqov, A. (1960) Qazaqtyng baiyrgy kalendary. Almaty. 90 b. [Ysqaqov, A. (1960) Indigenous Kazakh Kalends. Almaty. 90 p.] (in Kazakh)
- Yunusaliev, B.U. (1960) Kyrgyzskaja leksikologija. Chast` 1. Frunze: Kyrgyzuchpedgiz. 209 s. [Yunusaliyev, B.U. (1960) Kyrgyz Lexicology. Part 1. Frunze: Kyrgyzuchpedgiz.] (in Kyrgyz)
- Zhanuzaq, T. (2009) Qazaq esimderining anyqtamalygy. Almaty: Arys. 552 b. [Zhanuzak, T. (2009) Handbook of Kazakh names. Almaty: Arys. 552 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 13.07.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Қанапина С.Ғ., Безаубекова А.Д., Есіркепова К.Қ., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

